

**"Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 қаңтардағы № 14 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 1 ақпанда № 33958 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29323 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларында:

57-тармақта:

төртінші бөлімнің бірінші абзацы жаңа редакцияда жазылсын:

"57. Оператор өтініш тіркелген күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жеке меншік білім беру ұйымына мынадай сәйкессіздіктер анықталған кезде сәйкессіздіктерді жою қажеттігі туралы хабарлама жібереді:".

алтыншы бөлім жаңа редакцияда жазылсын:

"Оператор қоса берілген құжаттармен бірге жекеменшік білім беру ұйымының өтініші қайта келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде оларды қарауды жүзеге асырады:".

3-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

3-1-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Бюджеттік жоспарлау департаментіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрі

Г. Бейсембаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрі  
2024 жылғы 30 қаңтардағы  
№ 14 бұйрығына  
1-қосымша  
Еңбек нарығының  
қажеттіліктерін ескере отырып,  
техникалық және кәсіптік, орта  
білімнен кейінгі білімі бар  
кадрларды даярлауға, сондай-ақ  
мектепке дейінгі тәрбиелеу мен  
оқытуға, орта білім беруге және  
балаларға қосымша білім беруге  
мемлекеттік білім беру  
тапсырысын орналастыру  
қағидаларына  
3-қосымша  
Нысан  
"Қаржы орталығы" АҚ

Өтініш

**(жекеменшік білім беру ұйымының атауы, БСН, заңды мекенжайы заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға сәйкес көрсетіледі)**

20\_\_ - 20\_\_ оқу жылына арналған орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін құжаттарды қарауды сұрайды.

Қала/ауыл мектебі (қажеттісін көрсету) оқушыларының нақты контингенті өтініш берілген күнгі жағдай бойынша\*:

Сыныптар	Барлық оқушылар (адам )	оның ішінде:			
		жалпы білім беру сыныптарының оқушылары	жалпы білім беретін сыныптарда оқитын ерекше білім беруге қажеттілігі бар тұлғалар (балалар)	арнайы (түзету) сыныптарының оқушылары	үйде оқитындар
1-4					
5-9					
10-11					
Барлығы:					

\* Ескерту: балалар контингенті болмаған жағдайда толтырылмайды.

Алдағы 20\_\_ - 20\_\_ оқу жылының 1 қыркүйегіне оқушылардың болжамды контингенті:

Сыныптар	Барлығы оқушылар (адам )	оның ішінде:			
		жалпы білім беру сыныптарының оқушылары	жалпы білім беретін сыныптарда оқитын ерекше білім беруге қажеттілігі бар тұлғалар (балалар)	арнайы (түзету) сыныптарының оқушылары	үйде оқитындар
1-4					
5-9					
10-11					
Барлығы:					

1. Осы арқылы жекеменшік білім беру ұйымы объектісінің сипаттамасын хабарлаймын:

1) объектінің атауы: \_\_\_\_\_

2) орналасқан жері (мекенжайы) – \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_ (білім беру қызметімен айналысуға лицензияның қосымшасына сәйкес нақты мекенжайы көрсетіледі); 3) жобалық қуаты – \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ (бар болса, объектінің литерін көрсете отырып); 4) пайдалануға енгізу күні – \_\_\_\_\_ (күні, айы, жылы көрсетіледі).

2. Осы арқылы:

1) жекеменшік білім беру ұйымында оқу үшін ата-аналар төлемінің мөлшері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 қаңтардағы № 29 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19913 болып тіркелген) оқу үшін ата-аналар төлемінің шекті мөлшерінен аспайтынын және жылына \_\_\_\_\_ теңгені құрайтынын;

2) "Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға және қайта ресімдеуге арналған өтініштердің нысандарын, лицензиялардың және (немесе) лицензияларға қосымшалардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 6 қаңтардағы № 3 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 6 ақпанда № 10195 тіркелген) нысан бойынша берілген, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензияның болуы. Білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензия № \_\_\_\_\_ ;

3) \_\_\_\_\_ почталық мекенжайды және \_\_\_\_\_ электрондық почтаны (сәйкессіздіктерді жою қажеттілігі туралы хабарлама жіберу үшін);

4) жекеменшік білім беру ұйымы басшысының не оны алмастыратын тұлғаның \_\_\_\_\_, құрылтайшының \_\_\_\_\_ тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), байланыс телефондары \_\_\_\_\_ :

5) Ұлттық білім беру деректер қорында (ҰБДҚ) тіркеуде барын, № \_\_\_\_\_ ;

6) мемлекеттік сатып алу веб-порталында тіркеуде барын;

7) жекеменшік білім беру ұйымдарының жанынан оқушылардың тұруы үшін интернаттың барын/жоғын (қажеттісін көрсету) растаймын;

8) оқыту:

бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларына -

\_\_\_\_\_ ; иә/жоқ (керегін бөліп көрсету)

Халықаралық Бакалавриат Ұйымында авторизациядан немесе халықаралық институционалдық аккредиттеуден өткен дербес әзірленген интеграцияланған білім беру бағдарламалары -

\_\_\_\_\_. иә/жоқ (керегін бөліп көрсету)

3. Осы арқылы мыналарды хабарлаймын.\*\*

Салу/реконструкциялау (қажеттісін көрсету) жолымен 2018 жылғы 20 шілдеден кейін пайдалануға берілген жекеменшік білім беру ұйымының объектісінде жаңадан енгізілген оқушы орындарының саны \_\_\_\_\_.

Жекеменшік білім беру ұйымы объектісінің пайдалануға енгізілу күні \_\_\_\_\_ (күні, айы, жылы).

2018 жылғы 20 шілдеден кейін пайдалануға берілген жекеменшік білім беру ұйымының объектісінде жаңадан енгізілген оқушы орындарына мемлекеттік білім беру тапсырысы бұрын орналастырылды/орналастырылмады (қажеттісін көрсету).

\*\* 3-тармақты "Қаржы орталығы" АҚ-мен жасалған алдын ала шарты және орта білім беру ұйымы объектісінің нысаналы мақсатының өзгермейтіндігі туралы келісімі бар жекеменшік білім беру ұйымы толтырады.

Қосымша \_\_\_ парақта.

Басшы \_\_\_\_\_

(жекеменшік білім беру ұйымының атауы)

\_\_\_\_\_  
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Күні Мөр орны (болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрі  
2024 жылғы 30 қаңтардағы  
№ 14 бұйрығына  
2-қосымша  
Еңбек нарығының  
қажеттіліктерін ескере отырып,  
техникалық және кәсіптік, орта  
білімнен кейінгі білімі бар  
кадрларды даярлауға, сондай-ақ  
мектепке дейінгі тәрбиелеу мен  
оқытуға, орта білім беруге және  
балаларға қосымша білім беруге  
мемлекеттік білім беру  
тапсырысын орналастыру  
қағидаларына  
3-1-қосымша  
Нысан  
"Қаржы орталығы" АҚ

### Интернаттық ұйым туралы мәліметтер

\_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ өтінішке қосымша мына деректерді  
жолдаймыз.

Өтініш берілген күнгі жағдай бойынша қалалық/ауылдық (қажеттісін көрсету) мектеп оқушыларының нақты контингенті:

Сыныптар	Барлық оқушы (адам)	оның ішінде:						
		жалпы білім беретін сыныптың оқушылары				арнайы (түзету) сыныптардың оқушылары		үйде оқитындар
		нормотиптік		ерекше білім беру қажеттіліктері оқушылар		күндізгі	интернат*	
күндізгі	интернат*	күндізгі	интернат*	күндізгі	интернат*			күндізгі
1-4								
5-9								
10-11								
Барлығы:								

\* Ескерту: жекеменшік орта білім беру ұйымдарында білім алушылар және олардың интернаттарында тұратындар.

Алдағы оқу жылының 1 қыркүйегіне оқушылардың болжамды контингенті:

Сыныптар	Барлық оқушы (адам)	оның ішінде:						
		жалпы білім беретін сыныптың оқушылары				арнайы (түзету) сыныптардың оқушылары		үйде оқитындар
		нормотиптік		ерекше білім беру қажеттіліктері оқушылар		күндізгі	интернат*	
күндізгі	интернат*	күндізгі	интернат*	күндізгі	интернат*			күндізгі
1-4								
5-9								
10-11								
Барлығы:								

\*\* Ескерту: жекеменшік орта білім беру ұйымдарында білім алушылар және олардың интернаттарында тұратындар.

1. Осы арқылы жекеменшік білім беру ұйымы объектісінің және оның жанындағы интернаттың сипаттамасын хабарлаймын:

1) жекеменшік білім беру ұйымы объектісінің орналасқан жері (мекенжайы) – \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (білім беру қызметімен айналысуға лицензияның қосымшасына сәйкес нақты мекенжайы көрсетіледі);

2) жекеменшік білім беру ұйымы объектісінің жанындағы интернаттың орналасқан жері (мекенжайы) \_\_\_\_\_ ;

3) жекеменшік білім беру ұйымы объектісінің жобалық қуаттылығы – \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (объектінің литері бар болса, көрсетіледі);

4) жекеменшік білім беру ұйымы объектісінің жанындағы интернаттың жобалық қуаттылығы – \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_;

5) жекеменшік білім беру ұйымы объектісінің пайдалануға берілген күні – \_\_\_\_\_ (күні, айы, жылы көрсетіледі);

6) жекеменшік білім беру ұйымы объектісінің жанындағы интернаттың пайдалануға берілген күні – \_\_\_\_\_ (күні, айы, жылы көрсетіледі).

2. Осы арқылы мыналарды хабарлаймын. \*\*

Салу/реконструкциялау (қажеттісін көрсету) жолымен 2020 жылғы 1 қаңтардан кейін пайдалануға берілген жекеменшік білім беру ұйымы объектісінің жанындағы интернатта оқушылардың жаңадан енгізілген тұратын орындарының саны \_\_\_\_\_

Жекеменшік білім беру ұйымы объектісінің, орта білім беру ұйымының жанындағы интернаттың нысаналы мақсатын өзгертуге жиырма жыл мерзімге құқық ауыртпалығын салудың болжамды күні \_\_\_\_\_

\*\* 2-тармақты "Қаржы орталығы" АҚ-мен жасалған алдын ала шарты және орта білім беру ұйымы объектісінің жанындағы интернаттың нысаналы мақсатының өзгермейтіндігі туралы келісімі бар жекеменшік білім беру ұйымы толтырады.

Басшы \_\_\_\_\_

(жекеменшік білім беру ұйымының атауы

\_\_\_\_\_ (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Күні Мөр орны (болған жағдайда)